

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын
өткізу туралы хабарлама**

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көш, 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8^{ші} қабат, өз акционерлеріне Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының (бұдан әрі – Заң) 35 бабы 1 тармағына, 37 бабының 3 тармағы 3) тармақшасына және 41 бабына сәйкес, Биржаның Директорлар кеңесінің бастамасымен шақырылатын (2025 жылдың 11 сәуіріндегі № 10 отырыс хаттамасы), Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жиналыс **2025 жылдың 29 мамырында сағат 10.00-де** (Астана қаласының уақытымен) Алматы қ., Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат мекенжайы бойынша өтеді .

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2025 жылдың 29 мамырында сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін (Астана қаласының уақытымен), жиналыс өтетін мекенжайда жүргізіледі.

Кворум жиналмаған жағдайда Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2025 жылдың 30 мамырында сағат 10.00-де (Астана қаласының уақытымен) жоғарыда аталған мекенжай бойынша өткізіледі. Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу 2025 жылдың 30 мамырында сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін (Астана қаласының уақытымен) жалпы жиналыс өтетін мекенжайда жүргізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2025 жылдың 15 мамыры сағат 00.00 (Астана қаласының уақытымен) жағдай бойынша қалыптастырылады .

**Биржа акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының күн тәртібі**

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау туралы.
3. 2024 жылдағы "Қазақстан қор биржасы" АҚ қызметі туралы есепті қарау туралы.
4. "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2024 жылға орнықты даму туралы есебін қарау туралы.
5. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Дивидендтік саясатына № 2 өзгертулерді бекіту туралы.
6. "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2024 жылға жылдық аудиттелген қаржылық есептілігін бекіту туралы.
7. "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2024 жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, "Қазақстан қор биржасы" АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және "Қазақстан қор биржасы" АҚ бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

8. "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2025 жылға жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу мақсатында аудиторлық ұйымды анықтау туралы.
9. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің және Басқарма мүшелерінің 2024 жылға сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпаратты қарау туралы.
10. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2024 жылға арналған сыйақысы туралы.
11. "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне "Директорлар кеңесі мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау" мәселесі бойынша өзгеріс енгізу туралы.
12. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін, тәуелсіз директорларын сайлау туралы.
13. Биржаның Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту туралы.
14. Биржа Жарғысына № 8 өзгертулерді бекіту туралы.
15. Директорлар кеңесі туралы қағидаға № 5 өзгертулер мен толықтыруларды бекіту туралы.
16. "Қазақстан қор биржасы" АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің шағымдарын қарау және оларды қарау қорытындылары туралы."

Заңның 43 бабы 4 тармағының 1) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі тарапынан толықтырылуы мүмкін.

Заңның 44-бабының 4-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Биржа Басқармасының орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Биржаның корпоративтік веб-сайтында биржа акционерлеріне арналған бөлімде <https://www.kase.kz> акционерлердің жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей дайын және қолжетімді болады.

Биржа акционері тарапынан сұратылған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар оған сұрауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізу шығыстарын Биржа көтереді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты қосымша ақпаратпен мына телефон арқылы танысуға болады: +7 (727) 237 53 43.

Аталған жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелердің бірі Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерін, тәуелсіз директорларды сайлау болып табылатындығына байланысты акционерлерден **2025 жылдың 12 мамырынан кешіктірмей** кандидаттарды осы мәселе бойынша жиналыс материалдарына және дауыс беруге арналған бюллетеньдерге енгізу мақсатында Биржаға ұсынуды сұраймыз.

Осы арқылы Биржа акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің келесі тәртібімен танысуды ұсынамыз.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжат болуы қажет. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет ету немесе оның мүдделерін білдіру құқығын растайтын құжатты көрсетуі тиіс.

Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлауды өткізеді, ашық немесе жасырын (бюллетендер бойынша) дауыс беру нысанын анықтайды.

Заңның 50 бабының 1 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру және акционерлердің

жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс беру жағдайларын қоспағанда, "бір акция – бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Қатысушылардың жинаста сөз сөйлеуі акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, Төрағаның күн тәртібіндегі мәселені талқылауға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасау және жұмыс мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауға, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

Заңның 52 бабының 1 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде жасалады және оған қол қойылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Заңның 35-37, 39-45, 47-48, 50-52-баптарына және Биржаның жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2015 жылдың 15 мамырындағы № 26 хаттама) Жарғысының 15 бабына сәйкес өткізіледі.

Биржа акционерлерін Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.